

1941 жылдың күзінде Қарағандыға келіп, осындағы көмір тресінде жұмысқа кірістім. Соғыстың алғашқы айларында Донбастан эвакуациямен келген қуатты украин индустриясы еліміздің шығыс аудандарында — Уралда, Кузбасспен Қарағандыда қайтадан іске қосылып жатыр еді. Мыңдаған даңқты донецкілік кеншілер, тамаша металлургтер, химиктер мен машина жасаушылар жаңа жерлерге еңбектегі жоғары мәдениетті, Донбастың еңбек дәстүрлерін ала келген-ді. Олар жергілікті жұмысшылармен бірлесе оты-

рып, Отанды азат ету жолында қажырлылықпен еңбек етуде, жаңа кадрлар легін тәрбиелеп, өз шеберліктеріне баулуда болатын. Қарағандыда алғашқы бесжылдықтар жылдарында жасалған көмір-металлургия базасы қуатты соғыс индустриясын қалыптастырып, Қызыл Армияны жаратқандыруда шешуші роль атқарғанды.

Майданға қару керек болатын. Ал қару дегеніміз — металл мен көмір ғой. Көмір өндіруісі болса, еліміздің шығыс аудандарында ай сайын арта түсіп келе жатқанды. Совет халқының, оның ішінде біздің кеншілер қауымының тылдағы ерлік еңбегі Қызыл Армияның соғыс барысында түбегейлі өзгерістерге жетуіне жұдемдесті.

Мен Донецк шахтерлерінің Қарағандыға эвакуациясына, оларды осы бассейнің шахталарына бөлуге, оларды тұрғын үймен қамтамасыз етіп, тұрмыстық жағдайларды қалыптастыруға қатыстым. Соғыс жағдайында бұл жұмыс мейлінше қиын болған еді.

Осындағы № 31 шахтаның меңгерушілігіне тағайындалған мен өзімнің бар күш-жігерімді коллективтің жоғарғы көрсеткіштерге жетуіне арнадым. Ал, бұл шахта сол кезде қандай еді!

Ең алдымен, бұл — Қарағанды көмір бассейніндегі аса ірі механикаландырылған кәсіпорын еді. Тіпті, оның жерасты магистралы москвалық метрополитенмен де салыстыруға болатын еді. Мұнда соғыс жылдарында көмір өндірудің ондаған шын мәнісіндегі шеберлері, тылдағы нағыз гвардияшылар өсіп жетілді.

Менің шахтаға түспейтін күндерім өте сирек болатын. Әр учаскедегі жұмысты шымдамдылықпен зерттеп, ұдайы бақылап отыратынмын. Шахтаға әрбір түсуімді кеншілерге шын мәнісіндегі есерлі сабаққа айналдыруға, стахановшылардың еңбегінің нақты мектебіне айналдыруға тырысушы едім.

Мынадай бір оқиға есімде қалыпты.

Шахтада жаңа учаске ұйымдастырылды. Оны басқаруға комсомол мүшесі Мұқтар Айбековті тағайындағанбыз. Штапы байырғы жұмысшылардан іріктелген тәжірибелі мамандар есебінен қалыптастырдық. Ұйымшыл коллектив жаңа 160 метрлік лаваны игеруісіне бірден кірісіп кетті. 1942 жылдың бірінші тоқсанының жоспарын орындап шықты да, апрель айының жоспарын асыра орындады. Біздер коллектив ынтасын қызу қолдап, оларды әрдайым назарда ұстау керек деп есептедік.

Учаске Бірінші Май мерекесіне қызу әзірленіп жатқанды. Мен бірде осындай жұмыстың қызу кезінде лаваға келіп, жігіттердің әлде неге абыржуда екенін байқадым.

— Халдерің қалай, Мұқтар! — деп сұрадым Айбековтен.

— Жаман боп тұр, Алексей Григорьевич, — деп жауап берді учаскенің жас бастығы. — Біз мерекеге тарту әзірлейміз деп әрекеттеніп жатырмыз, ал транспортер лентасы болса, қайта-қайта үзіліп, әуреге салуда.

Бұл жолдар даңқты еңбек адамы Алексей Стахановтың украин саяси әдебиет баспасынан шыққан «Кенші өмірі» деген кітабынан алынды. Ал осы 1942 жылғы май айында жарық көрген облыстық газет тердің сарғайған беттерінен мынадай жолдарды оқуға болады:

«№ 31 шахтадағы Айбеков жолдас бастық болып істейтін № 1 учаске май айының 18 күнінде көмір өндірудің жоспарын 119 процент орындады. Учаске коллективі қалалық партия комитетінің, Қарағанды көмір тресінің және кеншілер кәсіподағы аудандық комитетінің ауыспалы Қызыл туын берік ұстап келеді».

Коллективтегі табандылықпен жүргізілген күнбе-күнгі ұйымдастыру жұмыстарының нәтижелі болғандығын газетте осы жылдың 17 июнінде жа-

рық көрген «Жоспардан тыс өндірілген көмір» атты заметка да айқындай түскендей:

«Алексей Стаханов басқаратын № 31 шахтаның кеншілері көмір өндіру қарқынын күн санап арттыра түсуде. Төртінші учаскенің навалоотбойщикі Таймұратов жолдас өзінің май айындағы өндірістік тапсырмасын 200 процент, ал ол июнь айының өткен 11 күнінде 218 процент орындады. Осы учаскенің навалоотбойщикі Гуров жолдас күндік нормасын ұдайы екі еседен асыра орындап келеді. Ал, навалоотбойщик Омаров жолдас күндік нормасын 175 проценттен, Қасенов жолдас бір жарым нормадан орындауда. Бобырев жолдас басқаратын № 4 учаске коллективі күн сайын жоспарға қосымша 50—60 тоннадан көмір өндіруде».

Жарыс көшін бастаған стахановшыл өрендер қарағандылық кеншілердің үлгі алар, еліктер шамшырақтарына айналды. Осыған орай Алексей Стаханов сол облыстық газет арқылы осы 1942 жылдың 7 июнінде жастарға арнап мынадай үндеу тастады:

«Герман фашизмімен Ұлы Отан соғысы майдан мен тылдағы барлық күшті жұмылдырғанда ғана жеңіспен аяқталмақ. Демек, майдан мен тыл бір тұтасып, берік топтасқан лагерге айналуға тиіс. Соғыс мұқтажы үшін білімді әскери мамандар ғана емес, халық шаруашылығының барлық салаларына арнап ақ өз ісінің шебер мамандары керек. Біздің елімізге бүгінде көмір үшін күресетін жауынгерлердің өжет, жас, кіші мығым командирлері қажет болып отыр.

Осы заманғы советтік шахта дегеніміз — көпсанды, алуан түрлі машиналары бар, инженерлік құрылыстары, темір жолы, электр жүйелері, телефондары мен конвейерлері бар жерасты заводы, адамды тындай білетін ғажайып техникаға ие алып завод.

Институтты бітіріп, сіздер сүйікті Отан — аналарыңыздың

индустриялық қуатын табысты түрде нығайта түсетін боласыздар.

Мен сіздерді, Қарағанды облысының жастарын осы жолға — кең, творчестволық және жауынгерлік жолға түсуге шақырамын. Кенші жүрегіне тән ізгі де шыншыл көңілмен мен сіздерге бүгін былай деймін: «Біздің жоғары дәрежелі техникалық кен оқу орындарымызға қош келіпсіздер! Олардың қай-қайсысының болса да есігі сендер үшін айқара ашық бұл күнде».

Соғыстың қиын жылдарында эвакуациямен осы көмірлі қалаға келіп қоныс тепкен жоғарғы оқу орындарын студент жастармен толықтыру мейлінше қиын шаруа болатын. Міне, бұл жолдағы қиындықтарды жеңуде даңғайыр кеншінің бұл шақыруы көп көмектесті, оның жалынды үні елеулі нәтиже берді. Жұмыс істей жүріп, оқу оқудың өте қиан екенін біле тұра, көптеген қарағандылық мөлдір жас осылы жасады. Тіпті, жоғарыдағыдай шақыру-үндеу тастап отырған Аләксей Григорьевичтің өзі де осы Қарағандыда қоныс тепкен,

Москва тау-кен институтында инженерлік дипломды табысты қорғап шығып, жоғары білімді инженер атанды.

Алексей Григорьевич Стахановтың өзі сол 1941 жылдың соңынан бастап, 1942 жыл бойында көмірлі қаламыздағы № 31 шахтада директор болып істеді. Кейіннен ол Москваға қызметке алынды, ал, донбастық жерлер жаудан азат етілген соң қайтадан сол Донбасс шахталарына оралып, 1977 жылы қайтыс болғанға дейін еңбектенді.

Даңқты кеншінің Қарағандыда еңбек еткен жылдары ешқашан да ұмыт болмақ емес. Сол жылдардың ескерткіші ретінде бұрынғы «Вертикальная» шахтасы бүгінде Стахановатындағы шахта деп аталады, шахта территориясында оның бюсті орнатылған.

